

**Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің  
24.06.2020 жылғы жалпы отырысының  
стенограммасынан үзінді көшірме  
Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті  
Мәжілісінің Төрағасының орынбасары  
Г.И. ИСИМБАЕВА жүргізді.**

**Выписка из стенограммы пленарного заседания  
Мажилиса Парламента Республики Казахстан  
от 24.06.2020 года  
Вела заседание Заместитель Председателя  
Мажилиса Парламента Республики Казахстан  
ИСИМБАЕВА Г.И.**

**ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУШІ.** Құрметті депутаттар, келесі бесінші мәселе – «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде (екінші оқылым). Бұл мәселе бойынша сөз Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитетінің мүшесі депутат Өтемісов Шавхат Әнесұлына беріледі.

ӨТЕМІСОВ Ш.Ә. Рақмет, құрметті Гүлмира Истайбекқызы.

Құрметті әріптер! Ұсынылып отырған заң жобасын бірінші оқылымда талқылаған кезде айтылғандай, ол қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату үшін құқықтық база қалыптастыру мақсатында әзірленді.

Заң жобасы тұрмыстық қатты қалдықтарды термиялық жолмен өндөу арқылы электр энергиясын алуды көздейді. Бұл процестер экологиялық және экономикалық оң нәтижелер алуға ықпал ететін болады.

Заң жобасын екінші оқылымға дайындау барысында құқықтық олқылықтарды және құқық қолдануда туындастырын қайшылықтарды болдырмауға, сондай-ақ нормалардың редакциясын жақсартуға және оларды заң техникасының талаптарына сәйкес келтіруге бағытталған бірқатар түзетулер қарастырып, қабылданды.

Сонымен қатар бас комитет депутаттары Қазақстан Республикасының Су кодексіне және «Теміржол көлігі туралы» Заңына енгізген ұсыныстарды қарап, қолдады.

Мәжілістің барлық комитеттері заң жобасы бойынша оң қорытындыларын берді.

Белсенді жұмысы үшін жұмыс тобына рақмет айтамын.

Осы айтылғандардың негізінде, құрметті әріптер, заң жобасын екінші оқылымда қолдауларыңызды және Сенаттың қарауына жіберулерінізді сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

**ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУШІ. Рақмет, Шавхат Әнесұлы.**

Күрметті әріптерестер, бас комитеттен осы заң жобасы бойынша бір ғана ұсыныс түсті, ол – заң жобасын тұтастай макұлдап, Сенаттың қарауына жіберу. Қарсылықтарыңыз жоқ қой?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУШІ. Онда осы ұсынысты дауысқа қоямын. Дауыс берулерінізді сұраймын. Дауыс беру режимі қосылсын.

Нәтижесін экранға берініздер. Шешім қабылданды.

Қаулының жобасы сіздерде бар, сол бойынша да дауыс берулерінізді сұраймын. Дауыс беру режимі қосылсын.

Нәтижесін экранға берініздер. Қаулы қабылданды.



Бұл едемтешамен қаштапшасаң жаңу  
Сәлілікінің инициаторынан 1255-2. Қаштапшаметова